

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын Сәтбаев қаласының білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 7 ақпандағы № 03/13 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 наурызда № 2558 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 68/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының әкімдігінің 12.12.2019 № 68/01 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы ", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Зандаурына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 127 "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын Сәтбаев қаласының білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың қағидалары бекітілсін.

2. Сәтбаев қаласы әкімдігінің "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын Сәтбаев қаласының білім беру үйымдарына қабылдау ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 24 қыркүйектегі № 24/01 (Нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8-6-89 тіркелген, 2009 жылғы 9 қазанды "Шарайна" газетінде № 72 (1749) ресми жарияланды) қаулысының күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары С.С. Имамбай жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сәтбаев қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 07.02
№ 03/13 қаулысымен
бекітілген

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын Сәтбаев қаласының білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын Сәтбаев қаласының білім беру үйымдарына қабылдаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстырығына қарамастан, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын Сәтбаев қаласының білім беру үйымдарына оқуға (бұдан әрі - білім беру үйымдары) қабылдаудың тәртібін айқындайды.

2. Білім беру үйымдары оқуға қабылдауды Қазақстан Республикасының Конституациясына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ олардың негізінде әзірленген білім беру үйымдарының жарғыларына сәйкес жүзеге асырады.

3. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу жағдайын қамтамасыз ету үшін оларды білім беру үйымдарына оқуға қабылдау заңды өкілдерінің келісімімен педагогикалық-медициналық-психологиялық комиссияның қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2. Бастауыш білім беру үйымдарына қабылдау тәртібі

4. Бастауыш білім беру үйымдары даярлық деңгейіне қарамастан, кезекті оқу жылдының 1 қыркүйегіне дейін білім беру үйымдарының қызмет көрсету аумақтарындағы алты (жеті) жасқа толған барлық балалардың бірінші сыныпқа қабылдануын қамтамасыз етеді.

Бірінші сыныпқа балаларды қабылдау үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) баланың заңды өкілдерінен өтініш;
- 2) баланың туу туралы күәлігінің көшірмесі;
- 3) денсаулық жағдайы туралы анықтама (медициналық паспорт);
- 4) тұратын жерінен анықтама немесе тұратын жерін растайтын басқа құжат;
- 5) 3x4 көлеміндегі фото — 2 дана.

Бастауыш білім беру ұйымының бірінші сыныбына баратын балалардың занды өкілдерінен өтініш қабылдау ағымдағы жылдың 1 маусымы мен 30 тамызы аралығында жүргізіледі.

5. Бастауыш білім беру ұйымдарына білім алушыларды қабылдау кезінде басшылар оқуға келушілерді, олардың занды өкілдерін осы Қағидалармен, жарғымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстырады.

6. Бастауыш білім беру ұйымының бірінші сыныбына қабылдау кезінде емтихандар, тестілеулер, сынақтар, конкурстар жүргізілмейді.

Мектепке дейінгі мекемелерде болмаған немесе мектепалды даярлықтан өтпеген балалар үшін білім беру ұйымдары оқу жылы басталғанға дейін даярлық курстарын ұйымдастырады.

7. Білім алушылар қатарына қабылдау білім беру ұйымы басшысының бүйрығы негізінде жүргізіледі.

8. Сыныптарды даярлық деңгейі және даму дәрежесі бойынша жасақтауға рұқсат етілмейді. Бұл ретте сынныптағы шекті сыйымдылық 25 білім алушыдан аспайды.

3. Негізгі орта білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі

9. Бастауыш білім беру деңгейін аяқтаған білім алушыларды, негізгі орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы сынныптарына қабылдау білім беру ұйымы басшысының бүйрығымен құрылатын комиссияның шешімімен жүзеге асырылады және занды өкілдердің мүдделері ескеріле отырып аталған ұйымға бекітілген аумақта тұратын барлық білім алушылардың қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

10. Негізгі орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын жекеменшік білім беру ұйымдарының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы сынныптарына қабылдау Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шарттына сәйкес білім беру ұйымы мен білім алушының занды өкілдерінің арасында жасалған ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың ережелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

4. Жалпы орта білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі

11. Бейінді мектептің оныншы немесе он бірінші сынныптарына қабылдау оқытудың бейінін таңдау кезінде білім алушының қызығушылығы, бейімі мен қабілеті ескеріле отырып, білім алушының тұратын аумағын ескермesten баланың занды өкілінің келісімімен білім алушының жеке өтініші және негізгі

орта білім деңгейі туралы мемлекеттік ұлгідегі құжатының болуы негізінде жүзеге асырылады.

Отініштерді қабылдау негізгі орта білім беру деңгейі туралы мемлекеттік ұлгідегі құжатты бергеннен кейін басталады.

12. Жалпы білім беретін гимназиялардың, лицейлердің онынши немесе он бірінші сыныптарына қабылдау білім алушылардың жеке өтініші немесе олардың занды өкілдерінің өтініші негізінде және білім алушының тұратын аумағын ескермesten негізгі орта білім деңгейі туралы мемлекеттік ұлгідегі құжаты бар болғанда жүзеге асырылады.

13. Білім алушыларға және білім алушының занды өкілдеріне осы Қағидалармен, білім беру ұйымының жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілетін лицензиямен, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымына қабылдау тәртібімен, білім беру ұйымының қызметін реттейтін басқа да құжаттармен танысуға мүмкіндік беріледі.

14. Ақылы білім беру қызметтерін іске асыратын жекеменшік ұйымдарда білім алушылардың, олардың занды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары білім беру қызметтерін көрсетудің ұлгілік шартына сәйкес білім беру ұйымы мен занды өкілдердің арасында жасалған ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың ережелері ескеріле отырып реттеледі.

15. Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының онынши немесе он бірінші сыныбына қабылдаудан бас тартылған жағдайда білім беру ұйымын бітіруші және (немесе) оның занды өкілдері білім беру саласындағы уәкілдепті органдарға шағымданады.

5. Мамандандырылған білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі

16. Мамандандырылған білім беру ұйымдарына, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерге қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі.

17. Мамандандырылған білім беру ұйымдары оқуға қабылдаудың қосымша конкурстық турларын белгілейді. Оқушыларды іріктеудің мазмұны мен нысаны, қабылдау, ауыстыру және бітіру тәртібі аталған білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Жалпы білім беретін лицейлер мен гимназиялар белгілі бір шағын участкеде тұратын балалардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында анықталған міндетті білім көлемін алудың қамтамасыз ету үшін жалпы білім беретін сыныптарды құрады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК